


Жаңабазар ауыл округі
«Балдырған» бөбекжай - балабақшасы

«Көңілді доптар»

(Ботақан тобы)

Денешынықтыру нұсқаушысы: Балабекова А.

2018 ж



«Көңілді доптар»

Білім беру саласы: Денсаулық

Үйымдастырылған оқу-іс қызметі: Дене шынықтыру.

Мақсаты: Балаларға жүру, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, басты тік ұстаптабан толық басып жүруді үйрету. Оларды ептілікке, шыдамдылыққа, батылдыққа, мергендікке, жылдамдыққа баулу. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Көңіл – күйлерін көтеру. Жаттығуларды орындау тәсілін меңгеруге дағдыландыру. Тапсырманы орындау барысында ептілік танытуын, дұрыс қимылдар жасауын қадағалау. Батыл, епті, шымыр болу, бір-біріне дос болуға тәрбиелеу.

Қажетті құрал-жабдықтар: Гимнастикалық орындық, шығыршық, доп, кәрзеңке, шана.

Шаттық шеңбері:

- Балалар біз мықты, денеміз шымыр, деніміз сау болу үшін не жасауымыз керек? (Жаттығу жасауымыз керек)

Дамытушы жаттығулар: Балалар, шеңберде тұрып, бас, мойын, қол, аяқ, белге арналған жаттығуды доппен жасайды.

Тосын сәт: Түлкінің келуі.

Түлкі: сәлеметсіздер ме, қонақтар, балалар! Шарлардың соңынан әрең жеттім ғой. Енді мына шарлар менікі.

Жүргізуші: Жоқ, түлкі, бүгін бізде доптар мерекесі. Бұл шарлар сол мерекеге келген. Оларды алу үшін көп еңбектену керек. Балалар өз денелерін шынықтырып, сымбатты, дені сау, мықты екендерін көрсетуде. Сен де ерінбей еңбектен. Ол үшін мына шарлардың әкелген тапсырмаларын орындаймыз.

Негізгі жаттығулар:

1. Гимнастикалық орындық үстінен етбетінен жатып сырғанау.
2. Шығыршықтан – шығыршыққа қос аяқтап секіріп, қарды кәрзеңкеге жинау.

Қимылды ойын: «Менің көңілді добым»

Шарты: Бұл ойынды бірнеше баламен өткізуге болады. Допты алып, оны жерге қолымен ұрып, оның биікке секіретінін көрсету. Допты жерге ұрып, балаға доп сияқты секіру ұсынылады. Бала секіруін тоқтатып, қаша бастайды. Оны ұстап алған соң құшақтау керек.

Жүргізуші: Түлкі сен балалармен бірге тапсырманы жақсы орындадың.

Түлкі: Ия, мен енді күнде денемді шынықтырып, көп еңбектенемін. Адамдарды алдамаймын, балалар сендерге рахмет. Менің кететін уақытым болды сау болыңдар!

Жүргізуші: балалар, қане көңілді доптармен мерекені қыздырып би – билейік.

Жет
15.02.18ж.